Бекітемін: ____________
№28 «Ақбота» бөбекжай-
балабақшасы меңгерушісі
Ережепова Г.Ш

**№28 «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы логопедінің жалпы сөйлеу тілі дамымаған**
**І-деңгейдегі 4 жастағы балалармен жүргізілетін топтық ұйымдастырылған**
**іс-әрекетінің бірінші жартыжылдыққа арналған перспективалық жоспары**

**2025 – 2026 оқу жылы**

## Түсінік хат

Перспективалық жоспар жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) І-деңгейдегі 4 жастағы балаларға арналған. Перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Перспективалық жоспар ЖСТД І-деңгейдегі балалардың сөйлеу тілінің даму сатыларын, жас ерекшеліктерін және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің барлық компоненттерін кешенді дамыту арқылы балалардың сөздік қорын молайту, фонематикалық есту қабілетінің алғышарттарын қалыптастыру, сөйлем құрылымын кезең-кезеңімен күрделендіру және қарым-қатынасқа белсенді араласуға дағдыландыру.

*Міндеттері:*

- Импрессивті сөйлеу: Қарапайым бұйрықтарды («Бар!», «Жоқ!») түсіну, кеңістік қатынастарын («астында», «жанында») меңгеру, жалпылама сөздерді (жыл мезгілдері, тәулік бөліктері) қолдану, етістіктің болымды және болымсыз түрлерін («Іш – ішпе») ажырата білу.
- Экспрессивті сөйлеу: Зат + етістік құрылымындағы сөйлемдерді қолдану («Мысық отыр»), табыс септігін пайдалану («Допты бер»), сын есімдер мен зат есімдерді сәйкестендіру («Үлкен алма»), сан есімдерді меңгеру («Бір алма», «Екі доп»), тәуелдік жалғауларын пайдалану («Менің қаламым»).
- Байланыстырып сөйлеу: 2–3 сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру, сөйлемді толықтыру (қосымша анықтауыш, толықтауыш), «және», «содан соң» шылауларын қолданып екі әрекетті байланыстыру, ертегілерді тірек сурет арқылы мазмұндау, әңгіме немесе ертегінің бір бөлігін жалғастырып айту.
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дұрыс тыныс алу мен буынға бөлу дағдыларын жетілдіру, дауысты және дауыссыз дыбыстар үйлескен сөздерді айту («топ», «көп», «тақ»), фонематикалық есту қабілетінің алғышарттарын дамыту.
- Коммуникативтік дағдылар: Балалармен және ересектермен ым-ишара, сөз арқылы қарым-қатынас орнату, сыпайылық формулаларын («Сәлем», «Рахмет», «Сау бол») қолдану, қарапайым сұрақ-жауапқа қатысу, эмоцияны бет-әлпетпен және сөзбен білдіру, диалогке белсенді араласу.

*Бағдарламаның құрылымы*

Бағдарлама екі кезеңге бөлінеді: I жартыжылдық (қыркүйек–желтоқсан): сөйлеудің қарапайым құрылымдарын меңгерту, сөздік қорды толықтыру, фонематикалық қабылдаудың алғышарттарын дамыту.

II жартыжылдық (қаңтар–мамыр): меңгерілген дағдыларды бекіту, сөйлем құрылымдарын күрделендіру, сөздік қорды кеңейту, байланыстырып сөйлеу мен диалогке белсенді араласуға жағдай жасау.

*Күтілетін нәтижелер*

Жыл соңында балалар:

- қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін түсінеді және қолдана алады;
- кеңістік қатынастарды ажыратып, жалпылама сөздерді пайдаланады;
- 2–3 сөзден тұратын сөйлемдер құрайды;
- дыбыстарды және буындарды ажыратып, анық айтады;
- қысқа тақпақтар мен сөз тіркестерін жатқа айтады;
- сурет немесе схема бойынша қысқаша мазмұндау жасай алады;
- ересектермен және құрдастарымен диалогке қатысады;
- эмоцияны мимикамен және сөзбен білдіреді.

Бағдарлама логопед, педагог, психолог және ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

| Айы | апта | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| Қыркүйек | 1-2 апта | Диагностика | 1-15 қыркүйек аралығында кешеді диагностикалау |
| | 3 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Отбасы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- «Бар!», «Жоқ!» сияқты қарапайым бұйрықтарды түсінуін қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - 2–3 сөзден тұратын өзіндік фразалық сөйлеуде қайталау арқылы қолдануды үйрету;<br>- |
| | 4 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Ойыншықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Зат + етістік құрылымындағы сөйлемдер: «Мысық отыр» қолдануға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - 2–3 сөзден тұратын өзіндік фразалық сөйлеуде қайталау арқылы қолдануды үйрету;<br>- Балалармен, ересектермен қарым-қатынас орнату: ым-ишарамен, көзқараспен жауап қайтаруға үйрету; |
| Қазан | 1 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Қарама-қарсы етістіктерді суретпен немесе қимылмен көрсету (жүгіру – тоқтау) қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Балалармен, ересектермен қарым-қатынас орнату: ым-ишарамен, көзқараспен жауап қайтаруға үйрету;<br>- Дұрыс тыныс алу, буынмен айту, фонематикалық алғышарттарын дамыту; |
| | 2 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Табыс септігін қолдану (допты алды) қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Дұрыс тыныс алу, буынмен айту, фонематикалық алғышарттарын дамыту;<br>- Қарама-қарсы етістіктерді суретпен немесе қимылмен көрсету (жүгіру – тоқтау) қалыптастыру; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Үлкен–кіші, жылы–суық сияқты жұптарды тануға үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Қысқа сөйлемге бір сөздік толықтыру (пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыш)<br>- Сөздегі дауысты дыбыстардың орнын: асында дауысты дыбысы бар сөздер (Ата, Ана) дұрыс айтуға үйрету; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Бақ мен бақша» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- «Мен – бала» құрылымы жіктеу есімдігін зат есіммен келістіруді балаларға үйрету;. |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сөздегі дауысты дыбыстардың орнын: асында дауысты дыбысы бар сөздер (Ата, Ана) дұрыс айтуға үйрету;<br>- Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты қолдану: «Сәлем», «Рақмет», «Бере қой» деген сөздермен танысу; |
| | **5 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Орман. Саңырауқұлақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту: «Үлкен алма», «Қызыл доп»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты қолдану: «Сәлем», «Рақмет», «Бере қой» деген сөздермен танысу;<br>- Қысқа сөйлемге бір сөздік толықтыру (пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыш) |
| **Қараша** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Әңгіме/ертегі мазмұны бойынша сөйлемді аяқтау: «Бір күні қоян…» – бала соңын айтып көреді. |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Ертегілерден үзінді, тақпақ, өтірік өлең соңғы жолын қайталау.<br>- Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты қолдану: «Сәлем», «Рақмет», «Бере қой» деген сөздермен танысу; |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | - жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту: «Үлкен алма», «Қызыл доп»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сөздегі дауысты дыбыстардың орнын: басында дауысты дыбысы бар сөздер (Ата, Ана) дұрыс айтуға үйрету;<br>- Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты қолдану: «Сәлем», «Рақмет», «Бере қой» деген сөздермен танысу; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімді құрастыру: «Менің қаламым», «Сенің дәптерің»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогқа дер кезінде кіру және шығу: Тыңдап, жауап беру (бір сөзбен);<br>- Дұрыс тыныс алу, буынмен айту, фонематикалық алғышарттарын дамыту; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - Өтілген лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімді құрастыру: «Менің қаламым», «Сенің дәптерің»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Әңгіме/ертегі мазмұны бойынша сөйлемді аяқтау: «Бір күні қоян…» – бала соңын айтып көреді.<br>- Диалогқа дер кезінде кіру және шығу: Тыңдап, жауап беру (бір сөзбен); |
| **Желтоқсан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімді құрастыру: «Менің қаламым», «Сенің дәптерің»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Әңгіме/ертегі мазмұны бойынша сөйлемді аяқтау: «Бір күні қоян…» – бала соңын айтып көреді. |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Қарама-қарсы сын есімдерді түсіну және көрсету (ұзын–қысқа); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогқа дер кезінде кіру және шығу: Тыңдап, жауап беру (бір сөзбен); |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | - жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту: «Үлкен алма», «Қызыл доп»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сөздегі дауысты дыбыстардың орнын: асында дауысты дыбысы бар сөздер (Ата, Ана) дұрыс айтуға үйрету;<br>- Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты қолдану: «Сәлем», «Рақмет», «Бере қой» деген сөздермен танысу; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімді құрастыру: «Менің қаламым», «Сенің дәптерің»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогқа дер кезінде кіру және шығу: Тыңдап, жауап беру (бір сөзбен);<br>- Дұрыс тыныс алу, буынмен айту, фонематикалық алғышарттарын дамыту; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - Өтілген лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімді құрастыру: «Менің қаламым», «Сенің дәптерің»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Әңгіме/ертегі мазмұны бойынша сөйлемді аяқтау: «Бір күні қоян...» – бала соңын айтып көреді.<br>- Диалогқа дер кезінде кіру және шығу: Тыңдап, жауап беру (бір сөзбен); |
| **Желтоқсан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тәуелдік сын есімді құрастыру: «Менің қаламым», «Сенің дәптерің»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Әңгіме/ертегі мазмұны бойынша сөйлемді аяқтау: «Бір күні қоян...» – бала соңын айтып көреді. |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Қарама-қарсы сын есімдерді түсіну және көрсету (ұзын–қысқа); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогқа дер кезінде кіру және шығу: Тыңдап, жауап беру (бір сөзбен); |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Дене мүшелері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Қарама-қарсы сын есімдерді түсіну және көрсету (ұзын–қысқа); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты колдану: «Рахмет», «Бере қой» деген сөздермен танысу; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді атауға үйрету «Мысық – мырғау», «Қонжық»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогта сыпайылық, сұрақ-жауапты колдану: «Рахмет», «Бере қой» деген сөздермен танысу; |
| | **5 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Аяқ киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді атауға үйрету «Мысық – мырғау», «Қонжық»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Диалогка дер кезінде кіру және шығу: Тыңдап, жауап беру (бір сөзбен); |

**Логопед: Сермағамбетова Ш.М.**